

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ЭТИКЕТІН ДАМУҒА МЕДИАБІЛІМНІҢ
ӘСЕРІ****Ырымбаева Нургуль Алдажаровна***nurgul.a@internet.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана

Ғылыми кеңесші: п.ғ.д., профессор Сейітқазы П.Б.

Бүгінгі қоғамдағы маңызды рөл атқаратын цифрлық технологиялар мен медиа ресурстар студенттердің өмірінде ақпарат пен байланысқа қол жеткізуге көптеген мүмкіндіктер береді. Алайда, бұл мүмкіндіктер цифрлық ресурстарды пайдаланумен байланысты жаңа этикалық қажеттіліктерді туындатады. Қоғамның болашақ көшбасшылары болып табылатын студенттердің осы цифрлық трансформацияның ортасында болуы және олардың цифрлық ортаға деген көзқарасытары жалпы қоғамның болашағына терең әсер етеді.

Медиабілім цифрлық ортада этикалық дағдылар мен этикалық әрекет, мінез-құлықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, медиабілім беру студенттердің цифрлық этикасын дамытуға және цифрлық технологияларды, ақпараттық сауаттылық пен сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Бұл тақырыптың өзектілігі студенттерді медиабілім беру арқылы цифрлық қоғамдағы этикалық өзара әрекеттесуге дайындауға, сонымен қатар ақпараттық сауаттылық пен цифрлық азаматтыққа да қатысты болып отыр.

Цифрлық этика – бұл адамдардың цифрлық ортадағы мінез-құлқын реттейтін нормалар, ережелер мен құндылықтар жиынтығы. Ол деректердің құпиялылығы, киберқауіпсіздік, цифрлық із, әлеуметтік желілердегі этикалық мінез-құлық және т.б. сияқты аспектілерді қамтиды.

Цифрлық этикет (digital - этикет) цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынас ережелері мен көпшілік ұстанатын интернеттегі байланыс ережелері. Сондай-ақ, интернет желісінің цифрлық ортасындағы мінез-құлық мәдениетінің ережелерін анықтайтын этикеттің жаңа түрі [1].

Цифрлық этикет – бұл үшінші буын Web қалыптасуы мен дамуы жағдайында виртуалды кеңістіктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін анықтайтын жаңа ақпараттық шындықтың жаңа коммуникативті құбылысы [2].

Цифрландырудың жылдам қарқынмен дамуы техникалық құрылғылар мен интернетті әртүрлі мақсаттарда, соның ішінде білім беру, жұмыс, коммуникация және ойын-сауық үшін пайдаланушылардың үлес салмағының артуына әкелуде. Бұл дегеніміз, студенттердің көпшілігі күнделікті цифрлық технологиялармен бетпе-бет келуін және цифрлық этикет дағдыларын дамытуды қажет ететіндігін айқындайды.

Бүгінгі жастардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналған әлеуметтік желі, әр түрлі мақсат пен контенттегі платформалар, онлайн ойындар және т.б. пайдалану оң әсерімен қатар, теріс тұстары да бар. Ал оны алдын алудың бір жолы ретінде осы цифрлық этикетті қарастырамыз. Әлеуметтік желі, онлайн қарым-қатынас пен цифрлық медианы дамыта отырып, студенттерге цифрлық әлемде қалай дұрыс қарым-қатынас жасау және өзін ұстау керектігін түсіну маңыздылығы ескеріледі.

Қазіргі еңбек нарығы болашақ мамандардың цифрлық және медиа дағдыларына мән береді. Ол өз кезегінде цифрлық этикетті дамытуды алға тартады. Себебі цифрлық ортадағы онлайн коммуникация өзара сыйластыққа, құрметке негізделген.

Демек, студенттер арасында цифрлық этикетті дамытудың өзектілігі, жеке және кәсіби дамуына ықпал ете отырып, цифрлық қоғамның жауапты және саналы қатысушылары болуға бағыттау. Ал осы өзектілігі айқындалған цифрлық этикетті дамытуда медиабілім берудің әсері жоғары.

Медиапедагог А.В. Федоров медиабілім беру – бұқаралық коммуникация құралдарының (медиа) және материалдары көмегімен тұлғаны дамыту процесі: яғни медиамен

қарым-қатынас жасау мәдениетін дамыту, шығармашылық, коммуникативтік қабілеттер, сыни ойлау, толыққанды қабылдау, медиатекстерді интерпретациялау, талдау және бағалау, медиатехника көмегімен өзін-өзі білдірудің түрлі нысандарын оқыту және т.б. ретінде анықтаған болатын [3].

Сонымен қатар профессор А.В. Федоров медиабілім беруді келесі бағыттарға бөліп көрсетеді [4]:

1) Баспасөз, радио, теледидар, кино, видео және интернет – журналистер, редакторлар, режиссерлер, продюсерлер, актерлер, операторлар және т.б. әлеміндегі болашақ мамандардың медиабілімі;

2) Болашақ педагогтарды университеттерде, педагогикалық институттарда, жоғары оқу орындары мен мектептер оқытушыларының біліктілігін арттыру процесінде медиамәдениет курстарында медиабілім беру;

3) Қарапайым мектептерде, арнаулы орта оқу орындарында, жоғары оқу орындарында оқитын оқушылар мен студенттерге жалпы білім беруінің бір бөлігі ретінде медиабілім беруді қарастыру, ол өз кезегінде дәстүрлі пәндермен немесе дербес пәндермен (арнайы, факультативтік, үйірме және т.б.) интеграциялануы мүмкін;

4) Қосымша білім беру мекемелерінде және демалыс орталықтарында (мәдениет үйлерінде, мектептен тыс жұмыс, эстетикалық және көркемдік тәрбие орталықтарында, тұрғылықты жері бойынша клубтарда және т.б.) медиабілім беру;

5) Теледидар, радио, интернет жүйесі арқылы оқушылардың, студенттер мен ересектердің қашықтықтан медиабілім алуы (бұл жерде медиакритика үлкен рөл атқарады);

6) Дербес/үздіксіз медиабілім (теориялық тұрғыдан адамның бүкіл өмір бойы жүзеге асырылуы мүмкін).

Медиабілім беру проблемалық, эвристикалық, ойын және оқушының даралығын, оның ойлауының дербестігін дамытатын, шығармашылық іс-әрекетке тікелей тарту, медиатекстің құрылымын қабылдау, түсіндіру және талдау, медиамәдениет туралы білімді игеру арқылы оның шығармашылық қабілеттерін ынталандыратын оқытудың басқа да нәтижелі түрлеріне негізделген сабақтарды өткізу әдістемесін қарастырады [4].

Демек студенттерге медиабілім мазмұнын ұсыну барысында цифрлық этикетке тоқталу қажеттілігі туындайды. Яғни, цифрлық этикеттің түрлеріне және құраушыларымен таныстырып, практика жүзінде мысалдармен, рольдік ойындар арқылы жүзеге асыруға болады.

Зерттеу тақырыбы аясында студенттердің цифрлық этикетін дамытудағы медиабілімнің әсерін келесі аспектілермен қарастырамыз:

Біріншіден, медиабілім беру студенттерге цифрлық технологияларды қолданудың негізгі қағидалары мен ережелерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл оларға жеке деректерді қорғау, интернетті қауіпсіз пайдалану және кибербуллингтен қорғау сияқты күрделі цифрлық қауіпсіздік мәселелерін түсінуге көмектеседі. Студенттер цифрлық ортадағы қауіптерді тануды және өздерін, жеке деректерін қорғау үшін тиісті шараларды қабылдауды үйренеді.

Екіншіден, медиабілім беру студенттердің цифрлық ақпаратқа қатысты сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді. Яғни, интернеттен алған ақпараттың сенімділігі, сапасын талдауға және бағалауға үйренеді. Бұл оларға жалған ақпарат таратудан аулақ болуға және цифрлық ортада сапалы деректермен жұмыс істеуге көмектеседі.

Медиабілім берудің үшінші маңызды аспектісі – эмпатияны дамыту және цифрлық технологиялардың қоғамға және тұлғааралық қатынастарға әсерін түсіну. Студенттер цифрлық ортадағы әрекеттері мен олардың айналасындағыларға әсеріне деген жауапкершілікті білуге үйренеді. Яғни онлайн қауымдастықтарда этикалық мінез-құлық және әлеуметтік желілерде толеранттылық таныту, құрметпен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Төртіншіден, студенттер авторлық құқық ережелері туралы білулері және интернеттегі ақпаратты, соның ішінде дәйеккөздерді, суреттерді пайдалану және мазмұнды тарату кезінде олардың этикалық тұстарын түсінулері керек. Олар басқа авторлардың зияткерлік меншігін

күрметтеп, қабылданған нормалар мен ережелерге сәйкес материалдарды пайдалануға дағдыланғандары маңызды.

Медиабілім берудің бесінші аспектісі ретінде әлеуметтік медиа және онлайн коммуникациядағы теріс мінез-құлықты, яғни қорлау, кемсітушілік немесе теріс мінез-құлықтың басқа түрлерінен аулақ бола отырып, артық әрекеттер мен сөздерінің онлайн ортадағы салдарын білу қарастырылады.

Сонымен, медиабілім беру студенттердің цифрлық және ақпараттық сауаттылығын, цифрлық технологияларды тиімді пайдалануын, цифрлық ортада этикалық аспектілер туралы түсінікті дамытады.

Цифрлық этикет болашақ маманның кәсіби және жеке интеграциясын қалыптастыруда, сондай-ақ табысты оқу мен болашақ мансапқа қажетті дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, медиабілім студенттердің цифрлық этикасын дамытуда отырып, жауапты және этикалық цифрлық қоғам құруға ықпал етеді.

Мақала AP19679344 «ЖОО-да оқытушылар мен студенттердің желілік коммуникативтік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу» ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сейітқазы П.Б. Желілік коммуникативтік мәдениет пен цифрлық этикет бойынша терминологиялық сөздік/П.Б. Сейітқазы, М.П.Асылбекова, Т.С.Сламбекова, Ж.Т
2. Сулейменова, Н.А.Ырымбаева. -Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2023. -137 б.
3. Мамина Р.И. Цифровой этикет: вопросы методологии. International Culture & Technology Studies, Vol. 3, No. 1-2
4. Федоров А.В. Медиаобразование: история, теория и методика. -Ростов: ЦВВР, 2001. -708 б.
5. Федоров А.В. Новые стандарты - реальная возможность для медиапедагогики // Alma Mater -Вестник высшей школы. 2012. № 3. С.55-58.

ӘОК 953.09

ЕЛІМІЗДІҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Ерназар Тоғжан Ерланқызы

erlankyzy006@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Vinom school мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы,
Астана, Қазақстан

Егемен ел екенімізді айқындайтын мән-мағынасы зор белгі – мемлекеттік рәміздеріміз: Ту, Елтаңба, Әнұран сынды ұлттың айшықты таңбаларының қабылдануы – дүние жүзінде Қазақстан дейтін мемлекет бар екендігінің көрінісі. Қазақ жұрты «Туың жығылмасын» дейді. Бұл мемлекеттің мықтылығы мен елдің еңсесі биік, мәртебесінің жоғары болуын түсіндіретін ұғым. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – адамзат өркениетімен бірге қалыптасып, бірге дамып келе жатқан қоғамдық-саяси құбылыстардың бірі.

Қазақстан үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы 873 қаулысымен ҚР Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және Мемлекеттік Әнұран мәтінін пайдалану қағидалары бекітілді.

Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу маңызды конституциялық нормалар қатарына жатады. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңында «ҚР азаматтары, сондай-ақ ҚР аумағында жүрген